ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 қыркүйек №2301-24-00-2/1893 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы Д.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Мақат тарихи – өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілдері А.Аманиязова, К.Айдаралиева
жауапкер өкілі Ұ.Сайлауов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 04 маусымда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №24 шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға теріден жасалған ат әбзелдерін жиынтығымен, шартқа қол қойғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. Демек, жауапкер міндеттемені 2024 жылғы 04 шілдеге дейін орындауға міндетті болған.

Талап қоюшы сотта «SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандығын, шартқа қол қойылғаннан кейін веб-портал арқылы қаражат қиыншылығына байланысты міндеттемені орындай алмайтынын жазып хабарлама жібергенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері талап қоюды қолдап, тауарды жеткізуден жауапкер шартты жасаған күні бас тартқанын, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетті.

Сот отырысында жауапкер өкілі Ұ.Сайлауов талапты мойындамай, жауапкермен шартты қамтамасыз ету сомасы енгізілмегенін, соған сәйкес

шартты жасаудан жауапкер жалтарғанын, шарт күшіне енбегенін, мұндай жағдайда іс сотпен қаралуға жатпайтынын, жауапкерді жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу уәкілетті органмен жүргізілетінін көрсетіп, іс жүргізуді тоқтатуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамай, одан бас тартуы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамай, одан бас тартқан.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 26 маусымда жүгінген.

Жауапкер өкілінің шартты қамтамасыз ету сомасы енгізілмегені, соған сәйкес шартты жасаудан жауапкер жалтарғаны, шарттың күшіне енбегені жөніндегі уәждерін сот негізсіз деп таниды.

Себебі, шарттың 8.1.-тармағына сәйкес шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №24 шартқа тараптар 2024 жылғы 04 маусымда қолдарын қойған, шарт жасалған, демек шарт күшіне енген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді, ол сотта қаралуға және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 29.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Балмуханова А. Р., 31.10.2024

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Мақат тарихи – өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SKass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігідан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **А.Р.Балмуханова**

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 29.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2024, судья Балмуханова А. Р., 31.10.2024